



Тәлімгерлік туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағына, «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы негізінде дайындалған.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі.

- тәлімгер – кәсіби-адамгершілік қасиеттері жоғары, оқыту әдістемесі мен тәрбие саласындағы білімді тәжірибелі ұстаз.

- жас маман - әдетте, жоғары оқу орындарының бағдарламалары бойынша педагогика негіздерін игерген, өз қабілет – қарымын одан әрі жетілдіруді қалайтын, іске жаңадан кіріскен мұғалім.

2. Тәлімгерліктің мақсаты мен міндеттері

2.1. Тәлімгерліктің мақсаты - жас мамандардың кәсіби қалыптасуына көмек көрсету.

2.2. Негізгі міндеттері:

- жас мамандардың педагогикалық қызметке қызығушылықтарын ояту;
- оқытушының кәсіби қалыптасу үдерісін жеделдету, атқарып отырған лауазым міндеттерін сапалы орындау және қабілеттерін өздігінен дамыту;
- мектеп ұжымының озық дәстүрлері мен білім беру ұйымының тәртіп ережелерін, корпоративтік мәдениетін бейімдеуге ықпал ету.

3. Тәлімгерліктің ұйымдастырушылық негіздері

3.1. Білім беру ұйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен педагогке бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіледі.

3.2. Тәлімгердің кандидатурасы педагогикалық кеңестің отырысында қаралады және педагог жұмысқа қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей орта білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.3. Бір педагогке бір тәлімгер келесі талаптарға сәйкес бекітіледі:

- "педагог-зерттеуші" не "педагог-шебер" біліктілік санаты;

- педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтағануы;
- соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім алушылардың білім сапасы кемінде 60% - 70% .

- тәрбие және әдістемелік жұмыстар бойынша тәжірибелі;
- жұмысындағы тұрақты нәтижелері.
- кәсіби тәжірибесін бөлісуге қабілетті;

3.4. Тәлімгерлікті ұйымдастыруды үйлестіруді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары жүргізеді.

3.5. Әдістемелік кеңесінің отырысында жас маманға тәлімгерлік мерзімін көрсете отырып және болашақ мамандандыруын бекітеді.

3.6. Тәлімгер мынадай жағдайларда ауыстырылады:

- 1) тәлімгер жұмыстан босатылса немесе басқа жұмысқа ауысса;
- 2) тәлімгер дәлелді себеппен жұмыста екі аптадан артық болмаса;
- 3) тәлімгердің оны тәлімгерліктен босату туралы негізделген жазбаша өтініші болса;
- 4) педагогтің тәлімгерді ауыстыру туралы негізделген жазбаша өтініші болса.

4 . Тәлімгердің міндеттері

4.1. Жас маманның іскерлік және адамгершілік қасиеттерін, оның сабақ өткізуге, мектеп ұжымына, оқушылар мен олардың ата – аналарына деген көзқарасын, қарым – қатынасын, әуестіктері мен бейімділіктерін зерттеу;

4.2. Жас маманды мектеппен таныстыру, оқу сыныптарының, кабинеттердің қызметтік және тұрмыстық орын – жайлардың жұмыс жүргізуі тәртібін түсіндіру;

4.3. Қызметтің қыр – сырын игеруіне көмектесу;

4.4. Қажетті кеңестер беру;

4.5. Жас маманның оқу сабақтары мен сыныптан тыс шараларды өздігінен өткізу жағдайларын бақылау және оған баға беру;

4.6. Жас маманның ұстаздық кәсіпті, сабақ өткізудің практикалық әдіс – тәсілдерін игеуіне, жіберілген қателіктерді анықтап, оларды ретке келтіруге жеке көмек көрсету;

4.7. Жас маманның оңды қасиеттерін жетілдіруіне өз жеке тұлғалық үлгісімен ықпал ету, оның мектептегі іс – әрекеттеріне түзетулер ендіріп отыру, ұжымның қоғамдық өміріне қатысуға тарту, жалпы мәдениеттік және кәсіби дүниетанымының дамуына жәрдемдесу;

4.8. Жас маманның кәсіби бейімделу қортындысын шығару; тәлімгерлік нәтижесіне байланысты есеп беру құжатын әзірлеу; жас маманның алдағы жұмыс бағдарлары жайлы ұсыныстар даярлау. Білім беру саласында заңнаманың, ведомстволық нормативтік актілерді, анықтайтын құқықтары мен міндеттері жас маманның атқарып отырған лауазымы бойынша заңнамаларды білуі керек.

5. Тәлімгердің құқықтары

5.1. Директордың орынбасарының (оқу ісі жөніндегі, тәрбие ісі жөніндегі, бейіндік оқыту жөніндегі) келісімімен жас маманды қосымша оқытуға білім беру мекемесінің басқа қызметкерлерін тартуға;

5.2. Жас маманнан жарғылық және жазбаша түрде жұмыс есептерін талап етуге.

6. Жас маманның құқықтары мен міндеттері

Міндеттері:

6.1. Әрбір баланың тұлғалық ерекшеліктерін және олардың ата – аналарын сыйлау;

6.2. Жартыжылдық соңында тәлімгермен бірге кәсіби бейімделу қорытындысын шығару, атқарылған жұмыстар туралы есеп беру құжатын әзірлеу.

6.3. Педагогикалық кеңестерге, әдістемелік бірлестік мәжілістеріне, мектептің қоғамдық өміріне белсенді түрде қатысу;

Құқықтары:

6.4. Ұстаздық кәсіп абыройы мен беделін қорғау;

6.5. Өз жұмысын бағалауға байланысты арыз – шағымдарымен және басқа да құжаттармен танысу, олар жөнінде түсініктемелер беру;

6.6. Өзіне қолайлы жолмен біліктілігін арттыру;

6.7. Тәлімгер мен өз әріптестері тарапынан көмек алу;